



МҰРАТ- ҚАЗАЛЫ

№49-50
(2220-2221)
Сәрсенбі
12 маусым
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ЗЕЙНЕТ ЖАСЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Қазалы ауданының білім саласында киелі міндетіне адал, ұзақ жыл табан аудармай еңбек еткен, ұрпақ келешегі үшін саналы ғұмырын сарп еткен майталман мұғалімдер аз емес.

Сол санаулы тұлғалар қатарына «Лақалы» аулындағы №93 мектептің директоры Серікбол Сансызбаевты қосуға болады. Ұстаздықтың ұлы жолында 42 жыл еңбек еткен мектеп директорын аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет арнайы қабылдап, зейнет жасымен құттықтады.

Аудан басшысы Серікбол Сансызбайұлының ұрпақ тәрбиесіндегі ерен еңбегін тілге тиек етіп, өскелең ұрпаққа үлгі боларлық адал қызметіне алғыс білдірді. Ақсақалға қазыналы қарттық ғұмыр тілеп, шапан жауып, құрмет көрсетті.

Өз кезегінде мерейтой иесі де аудан басшысының көрсеткен құрметіне алғысын айтып, ризашылығын жеткізді.

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Қасиетті Қазалы топырағы талай дарындарды, даңқты тұлғалар мен елге еңбегі сіңген еңбек ерлерін дүниеге әкелген киелі мекен.

Қазалыда туған жердің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан еңбек ардагері, Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР Жоғары кеңесінің депутаты, атақты күрішші Көлжан Оразалиеваның 100 жылдығына орай тағылымға толы шара өтті.

Ғани Мұратбаев ауылдық округінде өткен мерейтойлық шараның ашылуына аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов қатысып, ауыл тұрғындарын, еңбек ардагерінің ұрпақтарын мерейтоймен құттықтап, аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің құттықтауын табыстады.

Мерейтойлық шараларда «Мен анамын бақыт тапқан еңбектен, бір қолыммен бесігімді тербеткен» атты жас аналар байқауы, «Еңбек fest» атты еңбек фестивалі, жүгіру марафоны және ұлттық спорт түрінен жарыстар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, Көлжан Оразалиеваның өмір жолына арналған ұрпақтары

шығарған «Асыл әжем ардақты» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті.

Көлжан Оразалиева 1924 жылы Қазалы ауданындағы Ғани Мұратбаев аулында дүниеге келген. Еңбек ардагері, Социалистік Еңбек Ері. Қазақ КСР-і ауыл шаруашылығының озаты. 1945 жылдан күріш өсірушілер звеносының жетекшісі. 1948 жылы оның звеносы күріш егістігінің әр гектарынан 81 центнерден астық жинаған.

Еңбектегі осы жетістігі үшін оған СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1949 жылғы 20 мамырдағы Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. 1950 жылы Ленин орденімен марапатталған. 1951 жылы Қазақ КСР-і Жоғарғы кеңесінің депутаты болып сайланды. 1966 жылы Қазақ КСР-і ауыл шаруашылығының үздігі белгісімен марапатталған.

Күріш өсірудің шебері кейінгі жылдары да бар күш-жігерін, білімін, тәжірибесін мол өнім алуға жұмсады. Көп жылғы өнімді еңбегі үшін 1966 жылы оған «Қазақ КСР-і ауыл шаруашылығының озаты» төсбелгісі берілді.

МӘДИНА ЕРАЛИЕВАНЫҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ «АҚ БАЯН» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘНШІЛЕР БАЙҚАУЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІ ӨТТІ

Қазалыда ән әлемінің ақ баяны атанған Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, жезтаңдай әнші Мәдина Ералиеваның 70 жылдығына орай «Ақ баян» атты республикалық әншілер байқауының облыстық іріктеу кезеңі өтті.

Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында өткен байқауға 18-35 жас аралығындағы Қазалы, Жаңақорған, Шиелі, Сырдария, Жалағаш, Қармақшы, Арал аудандарынан және Қызылорда қаласынан 10 әнші қатысты.

Байқауға қатысушылар екі кезең бойынша бақ сынап, Мәдина Ералиеваның репертуарынан, және еркін тақырыпта ән шырқады.

Байқау қортындысы бойынша үшінші орынды Сырдария ауданынан келген Аяулым Бекболатова мен



Шиелі ауданынан Бекарыс Бауыржан, екінші орынды Жалағаш ауданынан Алтынай Көлбаева, бірінші орынды Жаңақорған ауданынан Айсәуле Қияс иеленді. Ал байқаудың бас жүлдесіне қазалылық жезтаңдай әнші Рақымжан Мақсатбаев ие болып, Мәдина Ералиеваның 70 жылдығына арналған республикалық әншілер байқауына жолдама алды.

Байқауға қатысқан өнерпаздарға Алғыс хаттар мен қаржылай сыйлықтар табысталды.

Айта кетейік, байқау басталмас бұрын қонақтар мәдениет орталығында ұйымдастырылған Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Мәдина Ералиеваға арналған көрмені тамашалады.

Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі

ЖОБА

«Қазалы ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы» Қазалы ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 07 маусымдағы №92 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына және "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 50-1-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Қазалы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Қазалы ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту ту-

ралы» Қазалы ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 07 маусымдағы №92 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8425-11 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қаулының орындалуын бақылау Қазалы ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының әкімі**М. Шермағанбет****«Қазалы ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы» Қазалы ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 07 маусымдағы №92 қаулысына өзгеріс енгізу туралы қаулы жобасына ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

№	Түсіндірме жазбада көрсетілуге тиіс мәліметтердің тізбесі	Әзірлеуші мемлекеттік органның ақпараты
1	Әзірлеуші мемлекеттік органның атауы	«Қазалы ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2	Тиісті құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Президенттің, Президент Әкімшілігі, Үкімет және Үкімет Аппараты басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмаларына сілтеме жасай отырып, жобаны қабылдау үшін негіздемелер және/немесе оны қабылдау қажеттігінің басқа да негіздемелері	«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына және «Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 50-1-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес іске асырылады
3	Жоба бойынша қаржы шығындарының қажеттігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының шешімі (тиісті есеп-қисаптар, қаржыландыру көзіне сілтеме, Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қоса беріледі)	Жобаны іске асыруға байланысты қаржы шығындары қажет етілмейді
4	Жоба қабылданған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдар, сондай-ақ жоба ережелерінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпалы	Жоба қабылданған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдары жоқ
5	Нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімдері	Қазалы ауданы бойынша стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту
6	Жобада қаралатын мәселелер бойынша Президенттің және/немесе Үкіметтің бұрын қабылданған актілері және олардың іске асырылу нәтижелері туралы мәліметтер	Жоқ
7	Енгізілетін жоба қабылданған жағдайда заңнаманы оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу талап етілетін-етілмейтінін көрсету) не ондай қажеттіліктің болмауы	Жоқ
8	Нормативтік құқықтық актінің жобасын мемлекеттік органның интернет-ресурсында, сондай-ақ ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру туралы ақпарат (күні, байт саны)	Қазалы ауданы әкімдігінің интернет-ресурс сайтында 07.06.2024 ж. орналастырылды. Ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталына 07.06.2024 ж. жарияланды.
9	Әлеуметтік маңызы бар нормативтік құқықтық актінің жобасына түсіндірме жазбаны уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастыру туралы ақпарат	Қазалы ауданы әкімдігінің интернет-ресурс сайтында 07.06.2024 ж. орналастырылды.
10	Нормативтік құқықтық акті жобасының Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі	Жоқ
11	Нормативтік құқықтық акті жобасының қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілері шығынының азаюын және (немесе) ұлғаюын растайтын есеп-қисаптар нәтижелері	Жоқ

Қазалы ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы**А.Берікұлақов**

Қазалы ауданы әкімдігінің 2024 жылғы « » № қаулысына қосымша					
ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ АУМАҒЫНДА СТАЦИОНАРЛЫҚ ЕМЕС САУДА ОБЪЕКТІЛЕРІН ОРНАЛАСТЫРУ ОРЫНДАРЫ					
№	Орналасу орны	Алатын алаңы (шаршы метр)	Қызмет саласы	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі «жыл)	Жақын орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
1	2	3	4	5	6
1	Қазалы қаласы, Қорқыт ата көшесі, Қалалық мәдениет үйі ғимаратының ауласы	400	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	3	«Самғат» дүкені
2	Әйтеке би кенті, Қарасақал Ерімбет көшесі, Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жатақханасының арты	140	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Намыс-Құрылыс» құрылыс заттар дүкені
3	Әйтеке би кенті, Сәбит Мұқанов көшесі мен Қайрат Халықов көшелерінің қиылысы	150	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Тоғай» шағын маркет
4	Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі мен Біржан сал көшесінің қиылысы «Қазпошта» акционерлік қоғамы ғимаратының сол жағы	60	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«1001 ұсақ» дүкені
5	Әйтеке би кенті, Тұрар Рысқұлов көшесі мен Талант Бөріқұлақов көшесінің қиылысы	150	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Жұлдызай» дүкені
6	Әйтеке би кенті, Әйтеке би көшесі мен Ахмет Байтұрсынов көшесінің қиылысы	50	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Ясина» дүкені, сауда үйі «Мирас»
7	Аранды ауылдық округі, Қожабақы ауылы, Темірбай Емешұлы көшесі, «Қожабақы ауылдық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына қарама-қарсы	200	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Адина» дүкені
8	Алға ауылдық округі, Үрмәш Түктібаев ауылы, Жаңа жол көшесі мен Байжігіт Әбдіразақов көшесінің қиылысы	200	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	3	«Тұмар»» кафесі, Катюша», «Лунара» дүкендері
9	Ғани Мұратбаев ауылдық округі, Ғани Мұратбаев ауылы, Ғани Мұратбаев көшесі, орталық саябақтың оң жағы	200	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Раян» дүкені
10	Бозкөл ауылдық округі, Бозкөл ауылы, Қожали Өтепбергенов көшесі, «Бозкөл ауылдық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның оң жағы	200	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Мұхтар», «Алмас», «Уалихан» дүкендері
11	Сарыкөл ауылдық округі, Абай ауылы, Абай Құнанбаев көшесі мен Зейнолла Шыраев көшесінің қиылысы	100	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	3	«Нүртілек» азық-түлік дүкені
12	Басықара ауылдық округі, Басықара ауылы, Үрмәш Түктібаев көшесі, Балалар ойын-сауық алаңының сол жағы	200	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Азамат» дүкені
13	Шәкен ауылдық округі, Шәкен ауылы, Шәкен көшесі, «Шәкен ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынға қарама-қарсы	200	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Мейрімжан» дүкені
14	Сарбұлақ ауылдық округі, Сарбұлақ ауылы, Сарбұлақ көшесі, «Жастар» саябағына қарама-қарсы	200	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Айткүл», «Алмаш» азық-түлік дүкендері
15	Келарық ауылдық округі, Ақтан батыр ауылы, Әйтеке би көшесі, «Дана» азық-түлік дүкенінің сол жағы	200	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	3	«Дана» азық-түлік дүкені
16	Бірлік ауылдық округі, Бірлік ауылы, Тәуелсіздік көшесі бойында орналасқан «Орталық саябақтың» сол жағы	200	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Дастан» азық-түлік дүкені
17	Арықбалық ауылдық округі, Жанқожа батыр ауылы, Әйтеке би көшесі мен Достық көшесінің қиылысы	130	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Алсен» дүкені
18	Майдакөл ауылдық округі, Бекарыстан би ауылы, Ереш Тілеубаев көшесі № 18 үйдің сол жағы	100	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Айдана», «Қасиет», «Анашым» азық-түлік дүкендері
19	Құмжиек ауылдық округі, Қашақбай Пірімов ауылы, Төлеген Ізтілеу көшесі, Спорт көшенінің оң жағы	200	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Айбек», «Матай» дүкендері
20	Қарашеңгел ауылдық округі, Жалаңтөс батыр ауылы, Жалаңтөс батыр көшесі, орталық алаңның сол жағы	400	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Өрік» дүкені
21	Қызылқұм ауылдық округі, Кәукей ауылы, Кәукей көшесі, Орталық саябақтың оң жағы	200	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Нұржан» дүкені
22	Майлыбас ауылдық округі, Ақсуат ауылы, Айтжан Өмірзақов көшесінің бойында орналасқан «Ақсуат ауылдық клуб» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының оң жағы	200	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Гүлнұр» дүкені
23	Ақжона ауылдық округі, Майдакөл ауылы, Махамбетжан Жеткербаев көшесі, № 43 үйге қарама-қарсы	400	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Айару» дүкені
24	Өркендеу ауылдық округі, Жанкент ауылы, Әбділда Тобаев көшесі, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің № 5 «Аққоян» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының оң жағы	200	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Сақтапберген» дүкені
25	Тасарық ауылдық округі, Тасарық ауылы, Әнес Сұлтамұратов көшесі, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 238 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарама-қарсы	180	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5	«Дильшат» азық-түлік дүкені

ПРОЕКТ

О внесении изменения в постановление акимата Казалинского района от 07 июня 2023 года № 92 «Об определении и утверждении мест размещения нестационарных торговых объектов на территории Казалинского района»

В соответствии с подпунктом 4-2) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан" и пунктом 50-1 правил внутренней торговли утвержденных приказом исполняющего обязанности министра национальной экономики Республики Казахстан от 27 марта 2015 года № 264 "Об утверждении правил внутренней торговли" (зарегистрирован в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 11148) акимат Казалинского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Внести в постановление акимата Казалинского района от 07 июня 2023 года № 92 «Об определении и утверждении мест размещения нестационарных торговых объектов на тер-

ритории Казалинского района» (зарегистрирован в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 8425-11) следующее изменение:

приложение указанному постановлению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Контроль исполнения настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Казалинского района.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким Казалинского района**М. Шермаганбет****ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА****О внесении изменения в постановление акимата Казалинского района от 07 июня 2023 года № 92 «Об определении и утверждении мест размещения нестационарных торговых объектов на территории Казалинского района»**

№	Перечень сведений, которые должны быть отражены в пояснительной записке	Информация государственного органа разработчика
1	Наименование государственного органа-разработчика	Коммунальное государственное учреждение «Отдел предпринимательства и промышленности Казалинского района»
2	Основания для принятия проекта нормативного правового акта со ссылкой на соответствующие правовые акты, нормы международных договоров, ратифицированных Республикой Казахстан, решения международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан, протокольные и иные поручения Президента, Руководства Администрации Президента, Правительства и Аппарата Правительства и/или другие обоснования необходимости его принятия	В соответствии с подпунктом 4-2) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и пунктом 50-1 правил внутренней торговли утвержденных приказом исполняющего обязанности министра национальной экономики Республики Казахстан от 27 марта 2015 года № 264 «Об утверждении правил внутренней торговли» (зарегистрирован в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 11148)
3	Необходимость финансовых затрат по проекту нормативного правового акта и его финансовая обеспеченность, в том числе источник финансирования, а также в случае необходимости – решение Республиканской бюджетной комиссии (соответствующие расчеты, ссылка на источник финансирования, копия решения Республиканской бюджетной комиссии в обязательном порядке прикладываются к пояснительной записке)	Не повлечет финансовые затраты, связанные с реализацией проекта.
4	Предполагаемые социально-экономические, правовые и (или) иные последствия в случае принятия проекта нормативного правового акта, а также влияние положений проекта нормативного правового акта на обеспечение национальной безопасности	Не имеет предполагаемые социально-экономические, правовые и (или) иные последствия в случае принятия проекта нормативного правового акта
5	Конкретные цели и сроки ожидаемых результатов	Определение и утверждение мест размещения нестационарных торговых объектов по Казалинскому району
6	Сведения об актах, принятых ранее по вопросам, рассматриваемым в проекте нормативного правового акта, и результатах их реализации	Нет
7	Необходимость приведения законодательства в соответствие с вносимым проектом нормативного правового акта в случае его принятия (указать требуется ли принятие других правовых актов или внесение изменений и/или дополнений в действующие акты) либо отсутствие такой необходимости	Нет
8	Информация о размещении проекта нормативного правового акта на интернет-ресурсе государственного органа, а также интернет-портале открытых нормативных правовых актов (дата, количество байт)	Размещено на сайте интернет-ресурса акимата Казалинского района 07.06.2024 г. Опубликовано на интернет-портал открытых нормативных правовых актов 07.06.2024г.
9	Информация о размещении пресс-релиза к проекту нормативного правового акта, имеющему социальное значение, на интернет-ресурсах уполномоченных государственных органов	Размещено на сайте интернет-ресурса акимата Казалинского района 07.06.2024 г.
10	Соответствие проекта нормативного правового акта международным договорам, ратифицированным Республикой Казахстан, и решениям международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан	Нет
11	Результаты расчетов, подтверждающих снижение и (или) увеличение затрат субъектов частного предпринимательства в связи с введением в действие проекта нормативного правового акта	Нет

Руководитель коммунального государственного учреждения «Отдел предпринимательства и промышленности Казалинского района»

А.Боркулаков

Приложение к постановлению
акимата Казалинского района
от “_” _____ 2024 года №_

МЕСТА РАЗМЕЩЕНИЯ НЕСТАЦИОНАРНЫХ ТОРГОВЫХ ОБЪЕКТОВ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАЛИНСКОГО РАЙОНА

№	Место расположения	Занимаемая площадь (квадратный метр)	Сфера деятельности	Период осуществления торговой деятельности (лет)	Близлежащая инфраструктура (торговые объекты, в которых реализуется схожий ассортимент товаров, а также объекты общественного питания)
1	2	3	4	5	6
1.	Город Казалинск, улица Коркыт ата, двор здания Городского дома культуры	400	Продовольственные / непродовольственные товары	3	магазин «Самгат»
2.	Поселок Айтеке би, улица Карасакал Еримбет, за общежитием коммунального государственного казенного предприятия «Казалинский транспортно-технический высший колледж» управления образования Кызылординской области	140	Продовольственные / непродовольственные товары	5	строительный магазин «Намыс-Курылыс»
3.	Поселок Айтеке би, пересечение улицы Сабита Муканова и улицы Кайрата Халыкова	150	Продовольственные / непродовольственные товары	5	мини маркет «Тогай»
4.	Поселок Айтеке би, пересечение улицы Жанкожа Нурмухамедулы и улицы Биржан сала, слева от здания акционерного общества «Казпочта»	60	Продовольственные / непродовольственные товары	5	магазин «1001 усақ»
5.	Поселок Айтеке би, пересечение улицы Турара Рыскулова и улицы Таланта Борикулакова	150	Продовольственные / непродовольственные товары	5	магазин «Жұлдызай»
6.	Поселок Айтеке би, пересечение улицы Айтеке би и улицы Ахмета Байтурсынова	50	Продовольственные / непродовольственные товары	5	магазин «Ясина», торговый дом «Мирас»
7.	Сельский округ Аранды, село Кожабақы, улица Темирбая Емешулы, напротив государственного коммунального казенного предприятия «Кожабақынський селський Дом культуры»	200	Продовольственные / непродовольственные товары	5	магазин «Адина»
8.	Сельский округ Алга, село Урмаш Туктибаев, пересечение улицы Жана жола и улицы Байжигит Абдразакова	200	Продовольственные / непродовольственные товары	3	Кафе «Тумар», магазины «Катюша», «Лунара»
9.	Сельский округ Гани Муратбаев, село Гани Муратбаев, улица Гани Муратбаева, справа от центрального парка	200	Продовольственные / непродовольственные товары	5	магазин «Раян»
10.	Сельский округ Бозколь, село Бозколь, улица Кожали Утепбергенова, справа государственного коммунального казенного предприятия «Бозкольський селський Дом культуры»	200	Продовольственные / непродовольственные товары	5	магазины «Мұхтар», «Алмас», «Уалихан»
11.	Сельский округ Сарыкөл, село Абай, пересечение улицы Абай Кунанбаева и улицы Зейнолла Шыраева	100	Продовольственные / непродовольственные товары	3	продовольственный магазин «Нуртилек»
12.	Сельский округ Басыкара, село Басыкара, улица Урмаш Туктибаева, слева от детской развлекательной площадки	200	Продовольственные / непродовольственные товары	5	магазин «Азамат»
13.	Сельский округ Шакен, село Шакен, улица Шакена, напротив государственного коммунального казенного предприятия «Шакенський селський клуб»	200	Продовольственные / непродовольственные товары	5	магазин «Мейримжан»
14.	Сельский округ Сарбулак, село Сарбулак, улица Сарбулак, напротив парка «Жастар»	200	Продовольственные / непродовольственные товары	5	продовольственный магазины «Айтқұл», «Алмаш»
15.	Сельский округ Коларык, село Ақтан батыр, улица Айтеке би, слева от магазина «Дана»	200	Продовольственные / непродовольственные товары	3	продовольственный магазин «Дана»
16.	Сельский округ Бирлик, село Бирлик, расположенного по улице Тауелсиздик левая сторона «Центрального парка»	200	Продовольственные / непродовольственные товары	5	продовольственный магазин «Дастан»
17.	Сельский округ Арықбалык, село Жанкожа батыра, пересечение улицы Айтеке би и улицы Достык	130	Продовольственные / непродовольственные товары	5	магазин «Алсен»
18.	Сельский округ Майдаколь, село Бекарыстан би, улица Ереш Тилеубаева, слева от дома № 18	100	Продовольственные / непродовольственные товары	5	продовольственный магазины «Айдана», «Касиет», «Анашым»
19.	Сельский округ Кумжиек, село Кашакбай Примов, улица Толеген Изтилеу, справа Спортивного комплекса	200	Продовольственные / непродовольственные товары	5	магазины «Айбек», «Матай»
20.	Сельский округ Карашенгель, село Жалантос батыр, улица Жалантос батыра, слева от центральной площади	400	Продовольственные / непродовольственные товары	5	магазин «Урик»
21.	Сельский округ Кызылкум, село Каукей, улица Каукей, справа от Центрального парка	200	Продовольственные / непродовольственные товары	5	магазин «Нуржан»
22.	Сельский округ Майлыбас, село Аксуат, справа от коммунального казенного предприятия «Ақсуатський селський клуб» расположенного по улице Айтжан Умирзакова	200	Продовольственные / непродовольственные товары	5	магазин «Гулнур»
23.	Сельский округ Акжона, село Майдаколь, улица Махамбетжан Жеткербаева напротив дома № 43	400	Продовольственные / непродовольственные товары	5	магазин «Айару»
24.	Сельский округ Оркендеу, село Жанкент, улица Абдилда Тобаева, справа от коммунального государственного казенного предприятия «ясли-сад №5 «Аққоян» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области»	200	Продовольственные / непродовольственные товары	5	магазин «Сактапберген»
25.	Сельский округ Тасарык, село Тасарык, улица Анес Султамуратова, напротив коммунального государственного учреждения «Средняя школа №238» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области»	180	Продовольственные / непродовольственные товары	5	продовольственный магазин «Дильшат»

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Өкінішке қарай, сыбайлас жемқорлық әлі де біздің қоғамның ауыр дерті болып отыр. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттердің көпшілігінде бар. Қазақстан да одан сырт қалған жоқ. Онымен қалай күресіп жатыр немесе қалай әшкерелеп отыр – ол басқа мәселе», - деп атап өтті.

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық

парақорлық дертімен жиі бетпелі келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен паралудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және

өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындауын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстарды жүйелі

жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлық тек құқық бұзушылық емес. Бұл мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді төмендетеді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіреді. Сондықтан мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігіп, әрекет етуі керек.

М.БИСЕНБАЕВ,
Әйтеке би кенті әкімінің
міндетін атқарушы

● Маманның кеңесі

ОБА АУРУЫНАН САҚТАНАЙЫҚ!

Оба – ауыр түрде уланып, без түйіндері, өкпе және басқа мүшелері ерекше зақымданғаны білінетін аса қауіпті зоонозды табиғи ошақты карантиндік жұқпалы ауру. Обаның өкпелік, ішектік, тері-бубондық, септикалық түрлері болады. Себебі *Yersinia pestis*, бактериялық тобына жататын табиғи - ошақты жұқпалы ауру; адамға жанасу, ауа - тамшы және алиментарлық жолмен жұғады. Сонымен қатар тасымалдаушылар - бүргелер арқылы жұғады, карантиндік инфекцияға жатады. Табиғатта түрлі кемірушілер арқылы таралады. Адамдарға кемірушілерден, не бүргелерден жұғады. Кемірушілер денесінде 4 – 5 ай, бүргелерде 1 жылға дейін тіршілік етеді.

Жұғу жолдарына қарай обаның бірнеше түрі бар. Мысалы, ауалы-тамшылы жолмен жұққанда өкпе обасы; тағам арқылы – ішек обасы; жанасу арқылы (мал сойғанда, терісін сыпырғанда, тағы басқа) не трансмиссивтік (бүрге шаққанда) жолмен жұққанда тері-бубон обасы, сирек септикалық түрлері дамиды. Ауру тез тарайды. Ауру қоздырғышы сау адамға науқас адамнан жұғады. Аурудың жасырын кезеңі бірнеше сағаттан 3 – 6 күнге дейін созылады. Ауру аяқ астынан басталады, науқастың температурасы 39 – 40°C-қа көтеріліп, басы айналады. Организмнің күшті улануынан адам құсып, іші өтеді, есінен танып, үрей, ұйқысыздық пайда болады. Ауру асқынған жағдайда науқас өледі. Ал тері-бубон обасында бүрге шаққан жерге жақын орналасқан лимфа безі ісініп, бұршақ дәніндей қызыл түсті бөрткен (іші қанды іріңге толы) пай-

да болады. Бөрткен жарылып жараға айналады.

Оба ауруының басқа түрлері де өте қауіпті, қиын емделеді. Бірақ, уақытылы ауру анықталып, тез жағдайда түрлі, жан-жақты емдеу жұмыстары жүргізілсе ауырған адамды аман сақтап қалуға болады. Адам обаның ықпалына жылдам түседі, оған шалдыққандар төңіректегілер үшін өте қауіпті. Обаның өкпелік түрі аса қатерлі.

Алдын алу:

Ауруларды жұқпалылықтың барлық мерзімінде қатаң түрде оқшаулайды. Аурумен байланыста болған адамдарды оқшаулай отырып 9 күнге карантин белгілейді. Обамен ауырғандарды, обаға шалдыққанына күдік туғызғандарды жеке палатада немесе бокста ұстайды. Ауруларға қызмет көрсететін медициналық қызметші оба-дан қорғайтын костюммен жұмыс істейді, жұмыс аяқталғаннан кейін толық санитарлық тазалықтан өтеді. Қызметшілерге мұқият медициналық бақылау жүргізіледі.

Аурудан алдын ала сақтандыру үшін ауру шыққан жерлерге эпизоотологиялық және эпидемиологиялық тексеру жүргізіледі; сол аймақтағы тұрғындардың денсаулығы үнемі бақылауда болады; ауру ошағы дамыған жерге дератизация, дезинсекция және санитарлық-ағарту жұмыстары жүргізіледі.

Мархаба ЖАҚЫП,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
басқармасының
жетекші маманы

● Хабарландыру

2024 жылдың 18 маусым күні сағат 17:30-да аудандық мәслихаттың кезекті XXIII сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1.Қазалы ауданы бойынша егістіктің мән-жайы, жанар-жағар майдың тиімділігін реттеу, ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеп жатқан шаруаларға қолайлы жағдайлар жасау және су тапшылығын ретке келтіру шаралары туралы.

2. Ағымдағы мәселелер.

Қазалы аудандық
мәслихатының аппараты

«Тұран-Қазалы» ЖШС-і осы жылғы 14 шілдеде өтетін Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті әкімінің сайлауына орай үгіт-насихат материалдарын аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады.

«Тұран-Қазалы» газеті 2003 жылдың 5 қаңтарынан бастап шығып келеді.

Шығарылымы аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері.

Таралымы - 11113 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны - 120 теңге.

Үгіт – насихат материалдары 2024 жылдың 23 маусым күні сағат 18-00-ден басталып, 2024 жылдың 12 шілде аралығында жарияланады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, 14 үй

Байланыс телефондары: 8(72438) 21-7-49, 8(72438) 26-0-94

E.mail: tooturankazaly@mail.ru

● Көңіл айту

Аймақтық "Тұран-Қазалы" газетінің редакциясы белгілі журналист, ҚР Ақпараттар академиясының академигі, Қазалы ауданының құрметті азаматы Ермек Жұмахметұлы Зәңгіровке ағасы

АМАНКЕЛДІ ЖҰМАХМЕТҰЛЫНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.